

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ИШАНДАРДЫҢ РӨЛІ

Есбаева Айдана Илесқызы

Aidana.yesbayeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1-курс магистранты
Ғылыми жетекші – т.ғ.д., профессор М. Алпысбес

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Туған жердің әрбір сайы мен қыстасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы көптеген аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған бір туар перзенттер болған. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуі тиіс– деген. осы сөздерді негізге ала отырып, қазақ даласында өмір сүрген Ишандардың қызметі туралы» [1].

Ең алдымен ишандардың кім екендігін анықтап алған жөн. Ишан – халық арасында сауат ашу, ғибадат айту қызметін атқарып жүрген діни сауатты адамға берілетін діни атақ. Ишан қазы, имам тәрізді лауазым болып саналмайды. Дәстүрлі қазақ қоғамында, әдетте, Ишанның дәріс беретін белгілі бір ауылдары болған.

Ишанның міндеті – өзінің қарамағындағы ауыл тұрғындарының діни сауатын ашу, шамасы келгенше діни ғұрыптарды атқару. Еңбек ақысы ретінде ауыл тұрғындары ишанды мал, азық-түлік және ақшамен қамтамасыз ететін болған.

Қазақ арасындағы атақты ишандардың көпшілігі өз міндеттеріне дәстүр жалғастығы ретінде қараған. Дүниеден өткен ишанның ұл баласы болмаған жағдайда, ауыл тұрғындары діни сауаты бар, халықтың сенімін ақтайтын басқа бір кісімен ишан болу мәселесін келіскен. Қазіргі уақытта ишандық қызметін ауыл имамдары атқарады [2].

Сырдария ауданына қарасты Қалжан ахун ауылындағы, бұрынғы «Үлгі» колхозының өңірінде Теке табынның Бөдік аталығынан тараған Тасбек деген кісінің Арысбай атты баласы болған, ол кісі Сырдария өзенінің жағалауында егін егіп, диханшылықпен айналысқан.

Арысбайдың: Ыбырай ишан, Оспан жырау, Сүлеймен ғұлама, Тәуекел атты төрт ұл балалары болған. Үлкен ұлы Ыбырай 1879 жылы дүниеге келген, ол жастайынан өзінің зеректілігімен, талапшылдығымен ерекшеленіп, ілім іздеп Бұхараға барып білім алған. Бұхарадағы оқуын үздік бітіріп, «ишан» дәрежесіне қол жеткізген. Арысбайұлы Ыбырай ишан өзінің туған жері Сыр өңірінде өмір бойы Ислам дінін насхаттап, халыққа қызмет етіп, бала оқытып, ұстаздық етті. Ыбырай ишанның дүниетанымы софылық философияға негізделсе, ұстанған жолы Имам ағзам Әбу Ханифа мазһабы болған. Ол өзінің 30-40 шақты муридтерімен бірге мешітте Аллаға зікір айтып, ғұламалығымен, Аллаға деген шексіз құлшылығымен ел арасында аты кеңге жайылған. Ыбырай ишан 1933 жылы, елге келген эпидемиядан науқастанып қайтыс болады [3].

Сол сияқты Кеңес заманына дейінгі кезеңдерде Батыс Қазақстанда ислам дінін таратуда өлшеусіз еңбек еткен тұлғалар көп болған. Солардың ішінде халық арасында үлкен құрметке ие болған маңғыстаулық адай Бекет ата (XVIII ғ. аяғы — XIX ғ. басы) мен доңызтаулық табын Досжан ишан (1815 –1890 жж.) бар.

Досжан ишан Батыс Қазақстан аумағында ислам дінін таратуды жаңа, биік деңгейге көтерді. Ол — аймақ қазақтарының арасында қажылық сапарды ұйымдастыру, араб елінде, Меккеде қажыға барған қазақтардың түсетін тәкия үйін салдыру, «Қазақ шежіресін» құрастыру және XIX ғасырдың 80-жылдары отарлаушы үкіметтен «қазақтар үшін бөлек мүфтилік» талап ету, т.б. аянбай еткен еңбегі арқылы тарихта қалған тұлға.

Досжан ишанның әкесі Қашақ Солтүстік Үстірт (Доңызтау) пен оған көршілес жатқан Сам құмы, Ембі шөлін қоныстанған шөмішті табын руынан шыққан, мұсылманша сауатты молда болған. Досжан жас кезінде әкесінен білім алып, ғылым-білім жолына ерте ден қояды. Сол кездегі Хиуа, Үргеніш, Бұқара қалаларында оқыған. Олдан атты пірден рұқсат алып, қол беріп Досжан ишан атанған.

Досжан ишан оқуын бітіріп, елге келген соң XIX ғасырдың 50-жылдарында Доңызтаудағы Тасастау-Қайнар алқабында, өзінің бірінші мешітін салдырып, бала оқытып, шәкірт даярлайды.

Тасастау-Қайнарда Досжан ишан біраз жыл бала оқытқан. Қайнардағы Досжан ишан салдыртқан мешіті, Доңызтауда орналасқан мешіт-медресесі бар үлкен діни-тұрғын кешені әлі күнге дейін сақталған. Осы Доңызтаудан Ойыл өзенінің (Шилі саласы) жағасына Досжан ишан 1868 жылы қоныс аударған. Ойыл бетке қоныс аударуы 1868–1869 жылдары «Уақытша ереже» заңының енгізілуі мен Орал, Торғай облыстары қазақтарының, кейін Маңғыстау адайларының отарлаушы үкіметке қарсы толқу, көтерілістері себебінен болды. 1868–1869 жылдардағы «Уақытша ереже» бойынша шаруашылық, салық, дін, білім мәселелерінде қазақтардың құқықтары шектелді, бұл патша үкіметінің отарлауын күшейткен заң болды. Жаңа «әкімшілік реформа» елге көп ауыртпалық міндеттеді. Сондықтан да қазақ халқы қарсылық көрсетіп, ол көтеріліске діни сауатты адамдар белсенді түрде қатысқан.

Ал көтерілістен кейін ишандар үкімет тарапынан қыспақ көріп қуғындалды. Оның үстіне XIX ғасырдың 70-жылдары Маңғыстау түбегі Орал мен Торғай облыстары қазақтарына қарағанда, отарлаушы үкіметке бағына қоймаған аймақ болды. Сондықтан да Досжан ишан секілді ықпалды, сауатты діни тұлғаның үкімет хұзырынан алыста әрекет етуі, отарлаушы патша үкіметін алаңдатпай қоймады. Патша үкіметі оны өздерінің үстемдігі орнаған Орал облысының жеріне көшірді, бұл Досжан ишанның істерін бақылауда ұстау үшін тиімді болды.

«Халықты бүлдіруші» деген желеумен мәжбүрлі түрде 1868 жылы Ойыл бетке қоныс аударған Досжан ишан осы Ойыл өзенінің Шилі тармағында мешіт-мектеп салып, бала оқытып, имандылық таратқан. Шилідегі Досжан ишанның «Ишан ата» деп аталатын, XIX ғасырдың 70-жылдары тұрғызылған діни-тұрғын кешені — Темір ауданының Шұбарқұдық ауылынан оңтүстікте 5 шақырым жерде орналасқан. Мешіттің құлап тұрған орны мен басқа да құрылыстары және қорым сақталған.

Ойыл бойында мешіт салдырғаннан кейін ишан қазақ арасында Меккеге қажылық сапар шегуді ұйымдастыруды қолға алады. XIX ғасыр ортасында — Нұрпеке хазіретпен, 1874 жылы ақын Абайдың әкесі Құнанбай бастаған бір топ қазақпен бірге Меккеге қажылыққа барып келген. Мәшһүр Жүсіп Көпеев өзінің «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде XIX ғасырда қажыға барушы қазақтардың үш легін көрсетті. Қазақтардың үшінші қажылығы туралы: «Орта жүзден тобықты Құнанбай бастаған жиырма кісі, Кіші жүзден табандаған жүз кісі болыпты. Ішінде Нұрпейіс хазірет, Досжан халфелер бар дейді. Қазақ мұнан бұрын бүйтіп бас қосып қажыға бармаған екен. Жүз жиырма кісі болып, арасын айырмай, тізе қосып, қол ұстасып жүрген соң және өздері көзге түсерлік әр таптың қасқа жайсаңы болғандықтан, көргендер таңғаларлық болыпты», — деп жазды.

Дәл осы Меккеге жасалған қажылық сапарымен Досжан ишанның қазақ қажылары түсетін тәкие үй салдыру тарихы бір-бірімен тығыз байланысты.

Мәселен, Досжан ишанның Қарақалпақстанның Кегейлі ауданында тұратын ұрпағы, Ө.Иманбаев ақсақалдың көрсетуі бойынша: «Досжан ишан бірінші рет қажылыққа барған кезінде, жат жерде көп қиындық көріп қайтқан екен. Содан ол: «Бізден кейін де қажылыққа талай қазақ сапар шегер, солар қиналмас үшін, Меккеде қазақтың өз үйлері болсын» — деп, тәкие үй салу ойын 1874 жылы қажыға бірге барған Абайдың әкесі Құнанбаймен бөлісіп, бірігіп, тәкие үй салдырған».

Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ қажылары «қазақтың шығу тегі» турасындағы деректі Бағдат қаласына Досжан халфені жіберіп, жазып алуы оқиғасы да осы сапарда болды деп жазды.

«Жаңа низам» заңында қазақтардың барлық құқықтарының шектелгенін, оны қайта қалпына келтіріп, қазақтардың мүфтият қарамағына қайта өтуін немесе қазақтар үшін бөлек мүфтилік ашуды Досжан ишан Қашақұлы бастаған топ патша үкіметінің хұзырлы органдарынан талап етті.

С. Рыбаковтың 1917 жылы Уақытша үкіметтің қаперіне мұсылмандардың мұң - мұқтажын жеткізу барысында жазылған «Устройство и нужды управления духовными делами мусульман в России» атты кітабының «Ходотайства и предположения мусульманских обществ, собраний и учереждений о преобразований существующего порядка управления мусульманами» деп аталатын IV бөлімінде Досжан ишан бастаған қазақ зиялыларының хаты берілген. Хат «Ходотайства Уральских, Тургайских и Оренбургских киргизов о назначенія для нихъ особого муфтія и духовного собранія» аталып, ол туралы: «Именовавшіе себя аксакалами (почетными лицами) Уральских, Тургайских и Оренбургских киргизовъ ишанъ Досжанъ- Кашаковъ, Умырь Акылбековъ, Ибн Джамагуль Муса – оглу и др. Подали въ 1888 г. прошеніе на имя Министра Внутреннихъ Дель о назначеніи для ихъ доверителей особого муфтія и духовного собранія... » — деп мәлімет беріледі.

Досжан Қашақұлы халық арасында насихат жүргізіп, қазақтарға «Орынбор духовный собраниясы» құрамына қайта ену немесе қазақтар үшін бөлек мүфтилік керектігін түсіндіру жолында үлкен қайраткерлік танытты.

Досжан ишаннан кейін де қазақ зиялылары мен діни қайраткерлері оның ісін жалғастырып, қазақтардың мүфтият құзырына қарауы мәселесін немесе «қазақтың бөлек мүфтилігі болсын» деген ұсынысты 1888 жылдан 1917 жылға дейін бірнеше рет көтерді.

Ресейдің мемлекеттік думасының депутаты, заңгер Б.Қаратаев бастаған Орал, Торғай облыстарының зиялылары жазған «1905 жылы Орал облысының және Торғай облысының Петербургқа депутат болып барған ізгі ишандарының һәм билерінің дін тұрғысындан һәм жер тұрғысындан әр министрге» атты еңбекте Досжан ишанның бастамасы туралы:

«Қазақ халқы 1888 жылы ишан Досжан Қашақұлын өкіл қылып, аталмыш министр внутренних дел граф Толстовтан өтініш қылдырып, қазақтың дін тұрғысында істерін бұрынғыша Оренбургский духовный собранияның қарауында қалдырмаққа, болмаса қазақ халқы үшін өз алдына бөлек духовный собрание жасамаққа бұл өтінішті хәкімдер қабыл қылмады және сұраушы ишан Досжан Қашақұлын әкімдер сенімсіз деп падназор палитса (полиция — авт.) қылды», – деп жазылды.

Осылайша өзіне төнген қауіп-қатерге, қуғын-сүргінге қарамастан, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғай білген отарлаушы үкіметпен күресі келер ұрпаққа үлгі болған, өскелең ұрпақтың жолында талай игі істерге мұрындық болған Қашақұлы Досжан ишан 1890 жылы дүниеден өтті. Досжан ишанның асыл сүйегі Шилідегі өзі салдырған «Ишан ата» мешітінің жанына жерленген, ишанның ұрпақтары Ақтөбе облысы мен Қарақалпақстан аумағында өмір сүріп жатыр [4].

Орта Азия елдерінде «ишан» атағын басым түрде тегі қожа дінбасылары иемденген. Қосым қожа әулеті түгелімен ишандар. Солардың ішінен біз әңгімеге арқау қылып отырған Аппақ ишан ел құрметіне бөленген ерекше жан.

Аппақ ишан 1864 жылы Шаян ауда-нын-дағы №1 ауылда туған. Ұзын бойлы, арықша келген, келбеті келіскен кісі екен. Үнемі үстінен ақ киімі түспеген тақуа адам болған. Мүмкін оны жұрт сол үшін де Ақ ишан деп атаған шығар. Ол жеті ағайынды. Солардың бізге аты белгілі болғандары Мәди, Рахматулла, Асадулла, Ыдырыс, Сабыр. Аппақ ишанның екі әйелінен бес баласы бар. Олар: Бахабулла, Алауатдин, Сағадулла, Сүнатулла да, бесінші баланың аты ОГПУ-дің тергеу құжаттарында көрсетілмепті. Аппақ ишан көшеге жөн-жосықсыз шығып, жұрттың көзіне түсе бермеген. Ол көбіне күні бойы мешітте Жаратушы иемізге құлшылық етіп, медреседе шәкірттеріне дәріс оқып, кітапханада ұзақ кітап ақтарумен өткізген [5].

Қуғын-сүргін жылдарында қуғын көрген 25 мың қазақтың бестен бірі дін жолындағы азаматтар мен мешіт молдалары болыпты. Қанды жылдардағы ащы шындықты, Аппақ

ишанды зерттеп, зерделеп жүрген тарихшы Мәмбет Қойгелді баба рухына арналған ғылыми конференцияда жайып салып, біраз шындықтың бетін ашты.

Мәмбет Қойгелді, тарихшы: «Қуғын-сүргін жылдарында, ең алдымен, құрбан болғандар ишандар әулеті болды. Ишандарды қудалау 20-жылдардың аяғында басталды. Аппақ ишан 1930 жылы Өзбекстанда тұтқындалды. Сол жылы сотталды [6].

1929 жылы желтоқсан айының соңғы күндері орталық Мемлекеттік саяси басқармасының Сырдария облыстық бөліміндегі Шығыс бөлімінің бастықтары қол қойып бекіткен Ташкент қаласындағы ОГПУ-дің Орта Азия бойынша бөліміне жолдаған хатында былай деген. «Сырдария округі, Шаян ауданындағы астық даярлау ісіне байланысты Өзбекстанға Аппақ ишан (светлейший) бастаған, қазақ жұрты арасында аса зор беделді, соңғы мезгілге дейін Шаян мешітінде медресе ұстаған бір топ қазақ ишандары қашып барды.

Ташкент қаласындағы ОГПУ қызметкерлері оларды іздестіруге кірісіп, 1930 жылдың сәуір айының соңғы күндері Аппақ ишан Сейдахметовті, Бахабулла Аппақишановты (жоғарыдағы құжатта «Мадиев» деп көрсетілген) және Сабыр Сейдахметовті тұтқынға алып, № 2690 тергеу ісін жүргізеді. Ал сол жылдың 20 маусымында ОГПУ-дің Сырдария облыстық бөлімінің бастығы Журавлевтің бекітуімен қабылданған қаулыда «тұтқындалған ишандардың бостандықта жүруі тергеу ісіне әсері болуы ықтимал» деген негіздемемен қылмыстық-процессуалдық кодекстің 143-бабына сәйкес, оларды абақтыда ұстау қажеттілігі айтылған. Осы жылға 29 сәуірде ОГПУ (БМСБ) тергеушісі жүргізген тергеу хаттамасында мынандай мәліметтер берілген. Сейдахметов Аппақ-Мақсұм, қазақ, 66 жаста, екі әйелі, бес баласы бар, сауатты, өз ауылында білім алған, өзі 1926 жылға дейін имам қызметін атқарған. Дауыс беру құқы жоқ. Қора-қопсысымен 2 үйі, 3 түйесі, 4 өгізі, 5 сауын сиыры, 9 жылқысы, 40 бас қойы, 14 десятина жері және түрлі үй заттары болған. Сотталмаған. Орыс-жапон соғысы тұсында қажылыққа барып, сонда 4 ай тұрған.

Үштіктің 1930 жылғы 18 тамыздағы қаулысында Ресей Федерациясы «Қылмыс Кодексінің 58-7-10-бабына сәйкес Сейдахметов Аппақ-Мақсұм антисоветтік насихат жұмысы және астық даярлау шарасын үзгені үшін округтен тыс аймаққа 3 жылға жер аударылсын» деп үкім шығарды. Осы қаулыда Сейдахметов Сабыр және Аппақишанов Бахабулла «Қылмыс Кодексінің 58-7-10 баптарына сәйкес антисоветтік насихат жұмысы және колхоздарды ұйымдастыру ісіне қарсылығы үшін 3 жыл еңбекпен түзету лагеріне (ИТЛ) жіберілсін» деп көрсетілген.

Аппақ ишан 1931 жылы Ташкент түрмесінен Шымкенттегі абақтыға жеткізілді. Содан кейін Павлодар облысындағы түрмелердің біріне ауыстырылды да, сол жылы 67 жасында бақилық болды [7].

Сонымен қатар, ишандардың көрнекі өкілдерінің бірі – Марал ишан. Марал ишан Баба Құрман баласы – бұрынғы Сырдария облысына қарасты Қазалы уезіне және Торғай облысына қарасты Торғай және Қостанай уездеріне айрықша мәлім болған. Марал ишан Баба Құрманұлының өмір жолы, қоғамдық-әлеуметтік қызметі саралана танылады.

Марал ишан Бабаның Ислам діні негізіндегі Шығыстың ғылыми мұраларымен қарулануы оның исламдық ағартушылық мұраттарын халыққа қызмет етуге арнаған жұмыстарынан байқалады. Оның исламдық ағартушылық қызметі халық арасындағы мүгедектерді сауықтыру қызметі арқылы жүзеге асырыла бастайды. Қиындық көріп жүрген мүгедектерге көмектесу, шипалы ем жасау, олардың тәніне де, жан дүниесіне де имандық нұрын себелеу – Ислам дінінің қасиетті қағидасы.

Марал ишан Баба ағартушылығының тағы бір саласы – қазақ жұртшылығын отырықшылыққа, егіншілік кәсібіне баулудағы ұйымдастыру жұмыстарынан да танылады. Тарихи құжат тілімен айтсақ: «Марал ишан қазақтарды Россиямен қатынастарды тоқтатып, бір жерге жиналып отырып, жұртты бастайтұғын егін кәсібімен айналысуды түсіндірді. үгіттеді» [8, 241 б.].

Марал ишан Бабаның ағартушылық қызметінің өзекті арнасы – діни-исламдық оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыруы, жүзеге асыруы. Сыр бойына келген соң жергілікті халықты діни Ислам жолына насихаттап, бір жағынан сауатын ашып, мәдениетін

көтеруге көп еңбек етеді. Сырдарияның бір саласы – «Қараөзектен тарайтын «Сасық өзектің» бойында жағалай бірнеше жерден мешіт салдыртады. Сол атырапта марал салдырған 7 мешіт-медресе бар. Бұлай атау себебі, мешітте жұрт намазын оқып, Аллаға құлшылық ғибадатын жасаса, екінші жағынан, жергілікті елдің балалары оқып, діни тәлім алған, сөйтіп, медресенің де қызметін атқарған. Ол мешіттер: «Қара бөгет», «Байбол», «Ишан ауылы», «Қырғы мешіт», «Қолаң төбеде», «Қыш мешіт» және өзі отырған «Қамыр» төбесіндегі күмбездеп салдырған мешіт. Сол себептен бұл аймақты жұрт «Қырық мешіт» деп атап кеткен [9, 33-34 бб.].

Марал ишан Бабаның қазақ тарихындағы қайраткерлігін танытатын тағы бір қызметі – Ресей империясы отаршылдық саясатына және Хиуа хандығы басқыншылығына қарсы халық өозғалысына қатысуы, жетекші болуы. Кенесары хан өз хандығының рухани көсемдігіне Марал Ишанды шақырады. Көтерісшілерге діни басшылық жасау үшін Марал ишан келісім беріп, хан сарайының кеңес құрамына кіреді. Бұдан былай даулы мәселелер шарифат үкімі бойынша шешіліп отырады. Көтерілісшілерге рухани демеу көрсетіп, кей жағдайда өз бойындағы керемет қасиеттермен де көмектеседі [9, 31 б.].

Марал ишан 1807 жылы патша өкіметінің басқыншылық саясатына қарсы қазақтың ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырды. 1821 жылы ол өзін императорға жолықтыруды сұрап, Орынбор әскери генерал-губернаторы П.Г. Эссенге және Сібір әскери бөлімінің бастығы генерал П.М.Капцевичке керей болысының старшыны Байсал Атакелдіұлы арқылы екі хат жолдаған. Хатында қазақтарды зорлап шоқындыруға, халықтың құнарлы жерлерін күшпен тартып алуға қарсылық білдірді. Қазақ рубасылары мен бас көтерер ел азаматтарына насихат жасап, патша өкіметі жүргізіп отырған отаршылдық саясатына қарсы бірлесе күресуге шақырған үн парақтар таратты [10, 198 б.].

Қазақ даласында өмір сүрген ишандардың қызметі тек дінді насихаттау емес, сонымен қатар халық арасында біршама ағартушылық жұмыстарын жүргізіп, саясатқа да араласып, өз үлестерін қосқан.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. –2017. –12 сәуір. –Б.
2. Ишан: <https://kk.wikipedia.org/wiki/Ишан>
3. Р.Бәйменов: «Ишандар әулеті» <https://syр-media.kz/news/3487-ishandar-ulet.html>
4. Қонысбай Рахбаев: «Досжан ишан» <https://aqtobegazeti.kz/?p=33035>
5. <https://turkystan.kz/article/62624-appa-ishan>
6. «Ұлы Пайғамбар және ұрпақтары» шежіре-кітап. «Фолиант» баспасы 2014 жыл: «Аппақ ишан» <http://kozhalар.kz/20173517-appaq-ishan>
7. Көлбай Адырбекұлы: «Аппақ ишан» <https://turkystan.kz/article/62624-appa-ishan>
8. Энциклопедия «Айқап» / Бас редактор Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 368 б.
9. Нұртайұлы С. Ислам және Марал Баба. – 1996. – 92 б.
10. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы) (Сб. документов и материалов). Дело № 113, № 114. - Алма-Ата: Наука. 1964. – 573 с.